

# Shet shugýlasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetini Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady beisenbi, 23 qańtar 2025 jyl №03 (11 148)

Аудан әкімдігінде

## ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ОҢ ШЕШІМІН ТАУЫП КЕЛЕДІ

Сейсенбі 21 қаңтар күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі М.Мұхтаровтың төрағалығымен кезекті кеңейтілген аппарат отырысы болып өтті.

Отырыстың күн тәртібінде «Аудан бойынша тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою жұмыстары туралы, ағымдағы жағдай: Қысқы жылу беру маусымының өту барысы, халықты коммуналдық-тұрмыстық көмірмен қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары туралы, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жүргізілген ақпараттық жұмыстар туралы мәселелер қаралып, сала басшыларының хабарламалары тыңдалды.

Ауданымызда тұрғын үй мәселесі кезек-кезекпен оң шешімін тауып келеді. Оған дәлел өткен жылы ауданымызда тұрғын үйлер бой көтеріп, жаңа шағын аудандар қанат жайып келеді.

Бұл жөнінде аудан бойынша тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою жұмыстары туралы Тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Т.Шамгунова өзінің хабарламасында толық баяндап өтті.

Мәселен, тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың кезектілік тізімдерін азайту мақсатында өткен жылдың желтоқсан айында Ақсу-Аюлыда 84, Ақдыр кентінде 42, С.Сейфуллин кентінде 10, Ақжал кентінде 16 бірінші нарықтан сатып алынған жалпы 152 жалдамалы тұрғын үй әлеуметтік осал топтағылар мен көп балалы отбасыларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар

санаттарындағы азаматтарға берілгенін айтып, тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың тізімін

күнделікті ақпараттар беріп отыруды және от қазандықтарының тұрақты және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету



түгендеу және кезектілік тізіміне қойу жайында, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңдарына сәйкес жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы хабарлама жасады.

Аталған мәселені қорытындылаған аудан әкімі «Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы» мамандарымен бірлесе отырып, көп қабатты тұрғын үйлердің тұрғындарымен түсіндірме жұмыстарын жүргізуді және аз қамтылған отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үй алуға есепке тіркелуді жаңғырту бойынша тиісті жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ, тұрғын үй санын көбейту үшін және құрылыс жұмыстары аяқталған тұрғын үйлерді жөндеу, өңдеу және көркейтуді жүзеге асыруға арналған жұмыс жоспарын дайындап, ұсынуды тапсырды.

Отырыста сонымен қатар, ағымдағы мәселелер қаралып, аудан әкімі алдағы күндері аяз болатынын ескертіп, барлық отқазандықтарды бақылауда ұстап және кезекшілік кестесін құрып,

мақсатында резервтік электр қуатымен от қазандықтарды қамтамасыз етуді, сондай-ақ, аудандық білім бөліміне, ауданның мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімдеріне Дәрия орта мектебін тұрақты жылумен қамтамасыз етуге негізгі от қазандығынан бөлек резервтік от қазандықпен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу және Талды ауылдық округінің мәдениет және білім объектілерін көмірмен қамту үшін қажеттілігіне қарай қосымша тапсырыс беруді тапсырды.

Сондай-ақ, ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауылшаруашылығы бөлімдеріне, ауылдық округтер мен кенттер әкімдеріне апта сайын азық-түлік бағаларына қатысты мониторинг жүргізіп отыруды, сондай-ақ, ішкі саясат бөліміне бұқаралық-ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілердегі жұмыстарға қатысты нақты тапсырмалар берді.

Өз тілшімізден.

Президент тапсырмасын орындай отырып

## АУЫЛ, КЕНТ ӘКІМДЕРІНІҢ ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУЛЕРІ БАСТАЛДЫ

Аудан әкімі М.Мұхтаровтың халықпен жылдағы дәстүрмен кездесуі басталды.

Сәрсенбі күні ауданымызға қарасты Ақжал, Ақшатау кенттерінің тұрғындарымен кездесу өтті. Аталған елді мекендердегі кездесулерге аудан прокуроры Б.Абдулахат және Мәслихат Төрағасы С.Социал қатысты.

Кездесу барысында Ақжал, Ақшатау кенттерінің әкімдерінің өткен жылы атқарылған жұмыс-

туралы есепті баяндамалары тыңдалды.

Кездесуде тұрғындар медицина, жер және т.б. мәселелерге өз өтініш, сауалдарын жеткізді. Бұған тиісті сала басшылары жауаптарын берді.

Кездесуде аудан прокуроры тұрғындарға қазіргі күнде белең алып тұрған алаяқтық қылмыстардың түрлеріне тоқталып, алдын алу және сақтық шараларын сақтауға шақырды.

Кездесу соңында аудан әкімі көтерілген мәселелердің назардан тыс қал-



тарын, тазалық мәселесі, жолдарды жөндеу, құрылыс, кәсіпкерлік, әлеуметтік сала, денсаулық сапасының қорытындылары

майтынын, жұмыс жоспарына алып, жеке бақылауында болатынын жеткізді.

Өз тілшімізден.

